

**Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде
аккредиттеу Ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007 жылғы 9 тамыздағы N 02-02/192 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4899 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 20 наурыздағы N 04.2-44/78 Бұйрығы.

Күші жойылды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2009.03.20 N 04.2-44/78 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымша тіркелген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде аккредиттеу Ережесі бекітілсін.

2. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Заң басқармасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуі бойынша шаралар қабылдасын.

3. Агенттіктің Даму департаменті Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарында аталған бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялануынан он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға м.а.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң ө ң і р л і к
қ а р ж ы о р т а л ы ғ ы н ы ң
қ ы з м е т і н р е т т е у а г е н т т і г і
Т ө р а ғ а с ы н ы ң м . а .
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 9 т а м ы з д а ғ ы

бекітілді

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (бұдан әрі - Уәкілетті орган) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын банктік ұйымдарды, жинақтаушы зейнетақы қорларын, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын қоспағанда, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын (бұдан әрі - брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымдар), аккредиттеуді жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Аккредиттеудің мақсаты брокерлік және дилерлік ұйымдардың Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы (бұдан әрі - қаржы орталығы қатысушысы) ретіндегі қызметін жүзеге асыру құқықтарын ресми мойындау болып табылады.

2. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

3. Брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымдар аккредиттеуге уәкілетті органға келесі құжаттарды ұсынады:

1) 1-Қосымшаға сәйкес, белгіленген тәртіптегі өтініш (мемлекеттік және орыс тілдерінде);

2) Жарғының нотариалды расталған көшірмесі;

3) Мемлекеттік тіркеу куәлігінің, салық төлеуші куәлігінің және статистикалық картаның нотариалды расталған көшірмелері;

4) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензияның нотариалды расталған көшірмесі;

5) осы Ереженің 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша шетел жұмыс күшінің бар болуы туралы мәлімет;

6) заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттар (заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттар: жалға алудың, сатып алу-сату шартының, ғимаратқа деген құқықтың тіркелу куәлігі немесе азаматтық заңнамада қарастырылған басқа да құжаттың нотариалды көшірмесі болып саналады. Егер ғимараттың иесі жеке тұлға болған жағдайда, онда жеке тұлғаның заңды

тұлғаның орналасқан жері ретінде ғимаратты беруге нотариалды расталған к е л і с і м і) ;

7) бірінші басшымен қол қойылған және брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымның мөрімен расталған (егер құжаттар оның өкілімен ұсынылған жағдайда), құжаттарды ұсыну және алуға сенімхат.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.01.25. N 02-02/10 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3-1. Уәкілетті органға осы Ереженің 3 тармағының 2)-4) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бір уақытта олардың төлнұсқалары ұсынылып, салыстырып тексерілгеннен кейін арыз берушіге қайтарылады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.01.25. N 02-02/10 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

4. Өтінішті қарастыру нәтижелеріне байланысты, уәкілетті орган брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымды аккредиттеу немесе одан бас тарту туралы бұйрық шығарады, аталған бұйрыққа уәкілетті органның басшысы немесе оның о р ы н б а с а р ы қ о л қ о я д ы .

Уәкілетті орган келесі жағдайларда брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымды аккредиттеуден дәлелді жазбаша түрде бас тартады:

1) осы Ереженің 3-тармағында қарастырылған құжаттардың тізімге сай толық ұ с ы н ы л м а у ы ;

2) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған лицензияның уақытша тоқтатылуы, тәркіленуі немесе к ү ш і н і ң ж о й ы л у ы .

Брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымның жоғарыда ұсынылған талап бұзушылықтарды жоюы жағдайында, аккредиттеу туралы өтініш ортақ негізде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.01.25. N 02-02/10 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

5. Уәкілетті орган аккредиттеуге ұсынылған құжаттарды олардың толық ұсынылу уақытынан бастап бес жұмыс күні ішінде қарастырады.

6. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәлік (осы Ережеге 2-Қосымша) брокерлік және (немесе)

дилерлік ұйымның қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттелуін растайтын ресми құжат болып табылады.

7. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәлікке уәкілетті органның басшысы немесе оның о р ы н б а с а р ы қ о л қ о я д ы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.01.25. N 02-02/10 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

8. Брокерлік және (немесе) дилерлік ұйым жабылған немесе қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған лицензия тоқтатылған немесе күшін жойған жағдайда, қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәліктің күші жойылады.

9. Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұсынған лицензия уақытша тоқтатылған жағдайда, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәліктің күші лицензияның қайта күшіне енуіне дейін уақытша тоқтатылады. Бұл уәкілетті органның басшысының немесе оның міндетін атқарушының тиісті бұйрығы түрінде рәсімделеді.

10. Атауы (оның ішінде, құқықтық-ұйымдастыру формасы), мекен-жайы өзгерген жағдайда, брокерлік және (немесе) дилерлік ұйым бір айлық мерзімде уәкілетті органға мәлімдейді және қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәліктің қайта рәсімделуі туралы еркін түрде өтініш береді, оған осы Ереженің 3-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қосымша ұсынады.

11. Брокерлік және (немесе) дилерлік ұйым Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәлікті жоғалтқан ж а ғ д а й д а :

1) нөмірі мен берілген уақыты көрсетілген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретіндегі аккредиттеу туралы куәліктің жоғалуы туралы Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында таратылатын мерзімді баспасөз беттерінде хабарландыру беруі;

2) нөмірі мен берілген уақыты көрсетілген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәліктің басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылған және брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымның мөрі басылған дубликатын беру туралы еркін түрде уәкілетті органға өтініш жазуы қажет. Бұған осы тармақтың 1) тармақшасында ұсынылған хабарландыру жарияланған мерзімді баспасөз шығарылымының бір данасы қоса ұсынылуы шарт.

12. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы куәлік дубликаты уәкілетті органның өтінішті қабылдаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде беріледі.

Алматы қаласының
өңірлік қаржы орталығы
қатысушысы ретінде
аккредиттеу туралы
Е р е ж е г е

1-Қосымша

Аккредиттеу туралы өтініш

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде қызмет атқаруға _____ аккредиттеуді
(заңды тұлғаның толық атауы)
өтінемін.

Заңды _____ тұлғаның _____ мекен-жайы:

(қала, пошталық индекс, қаладағы аудан, көше, шағын аудан, үй
нөмірі, телефон, факс)

Қызметінің _____ негізгі _____ түрі:

Заңды _____ тұлға _____ құрылтайшыларының _____ құрамы:

Заңды _____ тұлғаның _____ басшысы _____ туралы _____ мәлімет

Аты-жөні _____

Жеке _____ басын _____ куәландыратын

құжат _____

(нөмірі, берілген күні, берген мекеме)

ЖИН _____

Телефон нөмірі: _____

Факс нөмірі: _____

E-mail: _____

Заңды тұлғаның басшысының аты-жөні және қолы

" ____ " _____ 20__ жыл.

Алматы қаласының
өңірлік қаржы орталығы
қатысушысы ретінде

2-Қосымша

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
қызметін реттеу агенттігі

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
қатысушысы ретінде аккредиттеу туралы
Куәлік

Нөмір

Алматы қаласы " ____ " _____ 20__ жыл

Заңды тұлғаның атауы:

Куәлік Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасы заңнамасы шегінде қызмет атқаруға құқық береді.

б а с ш ы

қ о л ы

а т ы - ж ө н і

М.О.

Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қатысушысы ретінде
аккредиттеу Ережесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2008.01.25. N 02-02/10 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Шетелдік жұмыс күшінің бары туралы мәліметтер

р/б N	Заңды тұлға- н ы ң атауы	Аты- жөні, әкесі- н і ң аты, туыл- ғ а н күні	Аза- мат тығы	Т ұ - рақты тұра- т ы н елі	Маман- дығы және білімі	Классифи- каторлық қызмет немесе білікті- лік анық- тамаға сәйкес ұйымдағы лауазымы	Еңбек қызметін жүзеге асырудың басталуы (еңбек шартының жасалған күні)